ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ

XXXVII **сессиясының**

ШЕШІМІ

17.09.2026

Қарағанды қаласы

РЕШЕНИЕ

XXXVII **сессии**

№ 426

город Караганда

«Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі XVIII сессиясының «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, сұрыптаудың және кәдеге жаратудың тиімді және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы»

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексіне сәйкес, Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №208 «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, сұрыптаудың және кәдеге жаратудың тиімді және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы мемлекеттік органдардың ақпаратын және құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Б.С. Досжановтың қорытындысын тыңдап әрі талқылап, Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі XVIII сессиясының «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, сұрыптаудың және кәдеге жаратудың тиімді және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы мемлекеттік органдардың ақпараты және құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Б.С. Досжановтың қорытындысы назарға алынсын.

2. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктері, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті, Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №208 «Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың, сұрыптаудың және кәдеге

001736

жаратудың тиімді және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға бағытталған шаралар туралы» шешімін орындау жөніндегі жұмысты жалғастырсын және шешімнің іске асырылмаған тармақтарының орындалуын қамтамасыз етсін.

Қалдықтарды орналастыру объектілерінің анық есебін, құқықтық мәртебесін және заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында:

3. Қарағанды облысы бойынша экология департаменті, Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп, 2026 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде қолда бар деректерді салыстырып, Қарағанды облысының аумағындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру объектілерінің құқықтық мәртебесі, ресімделген жер учаскелерінің, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық рұқсаттардың болуы көрсетілген бірыңғай тізбесін қалыптастырсын.

4. Қарағанды облысы қалалары мен аудандарының әкімдіктері қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру объектілерін заңнама талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі жұмысты жалғастырсын, бұл ретте тиісті рұқсат құжаттарынсыз жұмыс істейтін объектілер анықталған Осакаров және Шет аудандары бойынша мәселелер бірінші кезекте қаралсын.

5. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті, облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктері жұмыс істеп тұрған полигондардың иелері түсетін және орналастырылатын қалдықтардың көлемін есепке алу бөлігінде заңнама талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдауын, оның ішінде полигондарды қажетті таразы жабдығымен жарақтандыруын қамтамасыз етсін. Қалдықтардың түзілу, сұрыпталу және көмілу көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту мәселесі қаралсын.

6. Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыс істеп тұрған қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Приозерск қаласының әкімдігі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуды қамтамасыз етсін, сондай-ақ объектіні қажетті таразы жабдығымен, электрмен және сумен жабдықтау жөнінде шаралар қабылдасын.

8. Балқаш қаласының әкімдігі әуежай маңында орналасқан ескі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын пайдаланудан шығаруды, жаңа полигонда таразы жабдығы мен сұрыптау желісін пайдалануға беруді, сондай-ақ жаңа полигонды электр желілеріне қосуды нақты орындау мерзімдерін белгілей отырып қамтамасыз етсін.

9. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктері, Қарағанды облысы бойынша экология департаментіне:

1) рұқсат етілмеген үйінділердің пайда болуына бейім учаскелердің тізбесін айқындасын, аталған учаскелерде бейнебақылау құралдарының орнатылуын қамтамасыз етсін және қалдықтарды заңсыз орналастыру фактілерін анықтау мен алдын алу жөніндегі рейдтік іс-шараларды күшейтсін;

2) анықталған рұқсат етілмеген үйінділерді жою жөніндегі жұмыстардың аяқталуын қамтамасыз етсін.

Қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеуге бағытталатын бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында:

10. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктеріне:

1) Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен және Цифрлық технологиялар басқармасымен бірлесіп, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған контейнерлер мен контейнер алаңдарын паспорттауды аяқтауды, оларға түгендеу нөмірлерін беруді, баланс ұстаушыларды айқындауды және олар туралы мәліметтерді есепке алудың ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етсін;

2) қалдықтарды жинау және шығару жөнінде қызмет көрсететін ұйымдармен бірлесіп, жылына екі рет контейнер паркіне түгендеу жүргізсін, оның тозу және контейнерлердің істен шығу себептерін анықтасын, сондай-ақ дайындаушылардың кепілдік міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етсін;

3) контейнерлер мен контейнер алаңдарын пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің қарауына беру тәртібі мен тетігін әзірлесін және бекітсін;

11. Цифрлық технологиялар басқармасы контейнерлерді және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды мониторингтеудің ақпараттық жүйесін пайдалануға беруді, оны одан әрі жетілдіруді және облыс қалалары мен аудандарында кезең-кезеңімен енгізуді, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы контейнерлері, өндірушілер және кепілдік міндеттемелердің мерзімдері туралы мәліметтерді енгізуді, сондай-ақ полигондардың таразы жабдығымен интеграциялауды қамтамасыз етсін;

12. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Приозерск қаласының әкімі, Балқаш қаласының әкімі Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын және 2027 жылға арналған облыстық, жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде Приозерск және Балқаш қалаларының контейнер паркін жаңарту, сондай-ақ Приозерск қаласының қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды көздесін.

13. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп, қалдықтарды жинау

және шығару жөнінде қызмет көрсететін ұйымдардың тарифтерді бекіту кезінде көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін және мониторинг нәтижелерін тарифтерді кейіннен қарау және бекіту кезінде ескерсін.

14. Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы 2026 жылдың IV тоқсанына жоспарланған, бюджет қаражатын, оның ішінде Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыруға бөлінген қаражатты жоспарлау және пайдалану тиімділігі мәселесі бойынша аудиторлық іс-шараның нәтижелерін облыстық мәслихат депутаттарын және облыстық Қоғамдық кеңес мүшелерін шақыра отырып, отырыста қарасын.

Қалдықтармен жұмыс істеу инфрақұрылымын жетілдіру және инвестициялар тарту үшін жағдай жасау мақсатында:

15. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы:

1) облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп Шет, Ақтоғай, Осакаров және Бұқар жырау аудандарындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының жобаларын мемлекеттік сараптаманың ескертулерін ескере отырып пысықтауды және сараптамадан өтуді аяқтауды қамтамасыз етсін;

2) біртектес объектілерді жобалау кезінде басқа өңірлерде мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау құжаттамасын пайдалану мүмкіндігін қарастырсын, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының үлгілік жобаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі жұмыстарды аяқтауды және бекітілген үлгілік жобаларды облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктеріне жеткізуді қамтамасыз етсін.

3) «Жасыл даму» АҚ-мен бірлесіп өз сұрыптау және қайта өңдеу объектілері жоқ елді мекендерде қалдықтарды уақытша жинақтау пункттерін құру, кейіннен қалдықтарды жұмыс істеп тұрған қуаттарға тасымалдау мәселесін пысықтасын.

4) Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен, облыс қалалары мен аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп Қарағанды облысының аумағында іске асырылып жатқан және жоспарланған қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы инвестициялық жобаларды сүйемелдеуді, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерін қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу объектілерін жобалауға қатысуға тартуды қамтамасыз етсін.

16. Қарағанды облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы, Балқаш қаласының әкімі, Приозерск қаласының әкімі Туризмді дамыту жөніндегі жол картасын іске асыру аясында Балқаш көлінің жағалау аймағын санитариялық ұстау және абаттандыру үшін жауапты ұйымды айқындасын.

Қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында:

17. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясы, Табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды реттеу басқармасы, Қарағанды облысы бойынша экология департаменті халық саны 3-тен 10 мың адамға дейінгі ауылдық елді мекендер үшін шағын қуатты қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарына қойылатын талаптарды жеңілдету бөлігінде, оның ішінде скрининг және қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімдерін оңайлатуды және оларды қарау мерзімдерін объектінің жобалық қуатына қарай қысқартуды қамтитын заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындасын және Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарына жолдасын.

18. Облыстық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясы Қарағанды облысы бойынша экология департаментімен және Қарағанды облысының полиция департаментімен бірлесіп, ауылдық округ әкімдерінің өкілеттіктері көлемі мен қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасы шараларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға жолдасын.

19. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне халық саны 5 мың және 10 мың адам болатын елді мекендер үшін қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарының үлгілік жобаларын әзірлеу мәселесін қарау туралы ұсыныс жолдасын.

20. Осы шешімде көрсетілген мемлекеттік органдар осы шешім тармақтарының орындалу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты белгіленген мерзімдерде және көзделген іс-шаралар толық іске асырылғанға дейін орындалуына қарай Қарағанды облыстық мәслихатына ұсынсын.

21. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарағанды облыстық мәслихатының құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы **Н. Кобжанов**

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

КАРАГАНДИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ

XXXVII сессиясының

ШЕШІМІ

17.09.2026

Қарағанды қаласы

РЕШЕНИЕ

XXXVII сессии

№ 426

город Караганда

«Об исполнении решения XVIII сессии Карагандинского областного маслихата от 25 сентября 2024 года «О мерах, направленных на организацию рациональной и экологически безопасной системы сбора, сортировки и утилизации твердых бытовых отходов»

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Экологическим кодексом Республики Казахстан от 2 января 2021 года, заслушав и обсудив информацию государственных органов об исполнении решения XVIII сессии Карагандинского областного маслихата №208 от 25 сентября 2024 года «О мерах, направленных на организацию рациональной и экологически безопасной системы сбора, сортировки и утилизации твердых бытовых отходов» и заключение председателя постоянной комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и экологии Досжанова Б.С., Карагандинский областной маслихат **РЕШИЛ:**

1. Информацию государственных органов об исполнении решения XVIII сессии Карагандинского областного маслихата от 25 сентября 2024 года «О мерах, направленных на организацию рациональной и экологически безопасной системы сбора, сортировки и утилизации твердых бытовых отходов» и заключение председателя постоянной комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и экологии Досжанова Б.С. принять к сведению.

2. Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования, Управлению энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, акиматам городов и районов области, Департаменту экологии по Карагандинской области, Департаменту санитарно-эпидемиологического контроля Карагандинской области продолжить работу по исполнению решения XVIII сессии Карагандинского областного маслихата №208 от 25 сентября 2024 года «О мерах,

001735

направленных на организацию рациональной и экологически безопасной системы сбора, сортировки и утилизации твердых бытовых отходов» и обеспечить исполнение не реализованных пунктов решения.

В целях обеспечения достоверного учёта, правового статуса и соответствия объектов размещения отходов требованиям законодательства:

3. Департаменту экологии по Карагандинской области, Департаменту санитарно-эпидемиологического контроля Карагандинской области, Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования совместно с акиматами городов и районов области в срок до 1 декабря 2026 года провести сверку имеющихся данных и сформировать единый перечень объектов размещения твердых бытовых отходов на территории Карагандинской области с указанием их правового статуса, наличия оформленных земельных участков, экологических и санитарно-эпидемиологических разрешений.

4. Акиматам городов и районов Карагандинской области продолжить работу по приведению объектов размещения твердых бытовых отходов в соответствие с требованиями законодательства, с приоритетным рассмотрением вопросов по Осакаровскому и Шетскому районам, где выявлены объекты, функционирующие без соответствующих разрешительных документов.

5. Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования, Департаменту экологии по Карагандинской области, акиматам городов и районов области обеспечить принятие владельцами действующих полигонов мер по соблюдению требований законодательства в части учёта объёмов поступающих и размещаемых отходов, в том числе оснащения полигонов необходимым весовым оборудованием. Рассмотреть вопрос разработки и утверждения методики определения объёмов образования, сортировки и захоронения отходов.

6. Департаменту санитарно-эпидемиологического контроля Карагандинской области обеспечить контроль за соблюдением санитарно-эпидемиологических требований действующих полигонов твердых бытовых отходов в соответствии с действующим законодательством.

7. Акимату города Приозерск обеспечить получение санитарно-эпидемиологического заключения на полигон твердых бытовых отходов, а также принять меры по обеспечению объекта необходимым весовым оборудованием, электроснабжением и водоснабжением.

8. Акимату города Балхаш обеспечить вывод из эксплуатации старого полигона твердых бытовых отходов, расположенного вблизи аэропорта, ввод в эксплуатацию весового оборудования и сортировочной линии на новом полигоне, а также подключение нового полигона к электрическим сетям с установлением конкретных сроков исполнения.

9. Акиматам городов и районов области, Департаменту экологии по Карагандинской области:

1) определить перечень участков, подверженных образованию несанкционированных свалок, обеспечить установку на указанных участках

средств видеонаблюдения и усилить проведение рейдовых мероприятий по выявлению и предупреждению фактов несанкционированного размещения отходов;

2) обеспечить завершение работ по ликвидации выявленных несанкционированных свалок.

В целях эффективного использования бюджетных средств, направляемых на обращение с твердыми бытовыми отходами:

10. Акиматам городов и районов области

1) совместно с Управлением энергетики и жилищно-коммунального хозяйства и Управлением цифровых технологий обеспечить завершение паспортизации контейнеров и контейнерных площадок, приобретённых за счёт бюджетных средств, с присвоением инвентарных номеров, определением балансодержателей и внесением сведений о них в информационную систему учёта;

2) совместно с организациями, оказывающими услуги по сбору и вывозу отходов, два раза в год проводить ревизию контейнерного парка с установлением причин его износа и выхода контейнеров из строя, а также обеспечением исполнения гарантийных обязательств изготовителями;

3) разработать и утвердить порядок и механизм передачи контейнеров и контейнерных площадок в ведение кооперативов собственников квартир и объединений собственников имущества;

11. Управлению цифровых технологий обеспечить ввод в эксплуатацию информационной системы мониторинга контейнеров и вывоза твердых бытовых отходов, её дальнейшее совершенствование и поэтапное внедрение в городах и районах области, включая внесение сведений о контейнерах индивидуального жилищного строительства, производителях и сроках гарантийных обязательств, а также интеграцию с весовым оборудованием полигонов;

12. Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования, Управлению энергетики и жилищно-коммунального хозяйства, Управлению экономики и бюджетного планирования, акиму города Приозерск, акиму города Балхаш при формировании Плана мероприятий по охране окружающей среды и областного, местных бюджетов на 2027 год предусмотреть финансирование мероприятий по обновлению контейнерного парка городов Приозерск и Балхаш, а также по приведению полигона твердых бытовых отходов города Приозерск в соответствие с санитарными и экологическими требованиями.

13. Управлению энергетики и жилищно-коммунального хозяйства совместно с акиматами городов и районов области обеспечить мониторинг исполнения организациями, оказывающими услуги по сбору и вывозу отходов, инвестиционных обязательств, предусмотренных при утверждении тарифов, и учитывать результаты мониторинга при последующем рассмотрении и утверждении тарифов.

14. Ревизионной комиссии по Карагандинской области рассмотреть на заседании результаты аудиторского мероприятия по вопросу эффективности планирования и использования бюджетных средств, в том числе выделенных на реализацию Планов мероприятий по охране окружающей среды, проведение которого запланировано на IV квартал 2026 года, с приглашением депутатов областного маслихата и членов Общественного совета области.

В целях совершенствования инфраструктуры обращения с отходами и создания условий для привлечения инвестиций:

15. Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования

1) совместно с акиматам городов и районов области обеспечить доработку проектов полигонов твердых бытовых отходов в Шетском, Актогайском, Осакаровском и Бухар-Жырауском районах с учётом замечаний государственной экспертизы и завершение её прохождения;

2) при проектировании однотипных объектов рассмотреть возможность использования проектной документации, прошедшей государственную экспертизу в других регионах, обеспечить завершение работ по разработке и утверждению типовых проектов полигонов твердых бытовых отходов и доведение утверждённых типовых проектов до акиматов городов и районов области.

3) совместно с АО «Жасыл даму» проработать вопрос создания пунктов временного накопления отходов в населённых пунктах, не имеющих собственных объектов сортировки и переработки, с последующей транспортировкой отходов на действующие мощности.

4) совместно с Управлением предпринимательства и промышленности, акиматами городов и районов области обеспечить сопровождение инвестиционных проектов в сфере переработки отходов, реализуемых и планируемых на территории Карагандинской области, а также привлечение субъектов предпринимательства, осуществляющих сбор, сортировку и переработку отходов, к участию в проектировании объектов по обращению с твердыми бытовыми отходами.

16. Управлению финансов и государственных активов Карагандинской области, акиму города Балхаш, акиму города Приозерск определить ответственную организацию за санитарное содержание и благоустройство прибрежной зоны озера Балхаш в рамках реализации Дорожной карты по развитию туризма.

В целях совершенствования законодательства в сфере обращения с твердыми бытовыми отходами:

17. Постоянной комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и экологии областного маслихата, Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования, Департаменту экологии по Карагандинской области подготовить и направить депутатам Құрылтая Республики Казахстан

предложения по совершенствованию законодательства в части упрощения требований к полигонам твердых бытовых отходов малой мощности для сельских населённых пунктов с численностью населения от 3 до 10 тысяч человек, включая упрощение процедур скрининга и оценки воздействия на окружающую среду и сокращение сроков их рассмотрения в зависимости от проектной мощности объекта.

18. Постоянной комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и экологии областного маслихата совместно с Департаментом экологии по Карагандинской области и Департаментом полиции Карагандинской области направить в уполномоченный орган предложения по совершенствованию мер предупреждения и профилактики административных правонарушений в сфере обращения с отходами с учётом объёма полномочий и финансовых возможностей акимов сельских округов.

19. Управлению природных ресурсов и регулирования природопользования направить в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан предложение о рассмотрении вопроса разработки типовых проектов полигонов твердых бытовых отходов для населённых пунктов с численностью населения 5 тысяч и 10 тысяч человек.

20. Государственным органам, указанным в настоящем решении, представлять в Карагандинский областной маслихата информацию о ходе и результатах исполнения пунктов настоящего решения в установленные сроки и по мере их выполнения до полной реализации предусмотренных мероприятий.

21. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и экологии Карагандинского областного маслихата.

Председатель
Карагандинского областного маслихата **Н. Кобжанов**